

03.08.2017ж. «Конденсат» АҚ
Директорлар Кеңесінің шешімімен
бекітілді

**«Конденсат» АҚ
акцияларына жазылуды жүргізу туралы Ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Конденсат» АҚ-ның жарғысына сәйкес әзірленген, және «Конденсат» АҚ жай акцияларына жазылуды жүргізу рәсімін реттейді.
2. «Конденсат» АҚ акционерлері арасында басымдықпен сатып алу құқығы бойынша жай акцияларды орналастыру мерзімі аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде корпоративтік хатшы www.condensat.kz сайтында «Конденсат» АҚ жай акцияларын инвесторлардың шектелмеген тобы арасында жазылу арқылы орналастыру туралы хабарландыру жариялайды.
3. Хабарландыру келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:
 - Эмитенттің толық атауы және орналасқан жері,
 - Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркеуден өткен күні,
 - Орналастырылатын бағалы қағаздардың түрі мен саны,
 - Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектімен немесе оларға қатысты басқа ақпаратпен танысуға мүмкіндік беретін эмитенттің бөлімшесі мен лауазымды тұлғалары туралы мәліметтер,
 - Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бағасы мен оларға төлем жасау жөніндегі мәліметтер,
 - Акцияларды сатып алуға өтінім беру формасына сілтеме.
4. Инвестордың орналастырылатын жай акцияларды сатып алуға өтінім беретін мерзімі акцияларды орналастыру туралы хабарлама жарияланған күннен кейінгі 5 (бес) күнтізбелік күнді – соңғы бесінші жұмыс күнінің Орал уақыты сағ. 18-00 дейін, құрайды. Өтінім беру формасы осы Ережеге қосымша болып табылады (№1 қосымша).
5. Инвесторлардың өтінімдері олардың қабылданған күнімен анықталатын қабылдану кезектілігі тәртібіне сәйкес корпоративтік хатшымен (тегі, аты, әкесінің аты, телефоны, электронды пошта мекенжайы туралы хабарландыруда көрсетілуге жататын мәліметтер) қабылданады және қанағаттандырылады; бір күн ішінде бірнеше өтінім қабылданған жағдайда, өтінімдерді қабылдау кезектілігі өтінім қабылданған уақытпен анықталады;
6. Инвестордың сатып алынатын акцияларына ақы төлеуді инвестор оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.
7. «Конденсат» АҚ түскен өтінімдердің нақты атқарылуы мен инвесторларға акцияларын беруді инвесторлардан акцияларға төлем түскеннен кейін жүзеге асырады.

«Конденсат» АҚ акцияларына
жазылуды жүргізу туралы Ережесіне»
№1 қосымша

«Конденсат» АҚ
Бас директорына

АКЦИЯЛАРДЫ ЖАЗЫЛУ АРҚЫЛЫ САТЫП АЛУҒА ӨТІНІМ

_____ ЖЫЛҒЫ «____» _____

Осымен _____
(заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері / жеке тұлғаның ТАӘ) 20__ жылғы
«____» _____ www.condensat.kz. сайтында жарияланған «Конденсат» АҚ
хабарладыруында көзделген шарттар негізінде, ұлттық сәйкестендіру нөмірі
KZ1C52340011, бір жай акцияға _____ теңге бағасы бойынша _____ дана
«Конденсат» акционерлік қоғамының жай акцияларын сатып алуға ниет
білдіретіндігін хабарлайды.

Уәкілетті өкіл қолы және мөрі (акционер – заңды тұлға үшін)/
жеке тұлға қолы:

ӨТІНІМДІ ҚАБЫЛДАҒАНЫ ТУРАЛЫ «КОНДЕНСАТ» АҚ БЕЛГІСІ

Өтінім қабылданған күн және уақыты: _____
Өтінімді қабылданған «Конденсат» АҚ қызметкерінің тегі, аты, әкесінің
аты, лауазымы және қолы: _____